

## «Кітапхана және оқу жайлы» ең үздік бейнероликтер

### Байқауының ЕРЕЖЕСІ

#### 1. Жалпы ережелер

«Кітапхана және оқу жайлы» ең үздік бейнеролик байқауы «Еліміздің зияткерлік әлеуетін дамыту – жастардың қолында» атты жас кітапханашылар Форумы аясында кітапханашылардың шығармашылық қабілетін дамыту, «Ақпараттық технологиялар» тақырыбына қызығушылықтарын арттыру және кітапхана тәжірибесіне ақпараттық технологияларды енгізу процестерін ынталандыру мақсатында өткізіледі.

#### 2. Байқаудың мақсаты мен міндеті:

Қазіргі қоғамдағы кітапхананың орны жайлы жастардың көзқарасын анықтау; жастардың веб-кеңістік құру қызығушылықтарындағы креативті потенциалын жүзеге асыру;

#### 3. Байқаудың шарттары

3.1. Байқау 2012 жылдың 1 қаңтарынан 1 маусымына дейін өтеді.

3.2. Байқау «Кітап натюрморты», «Қазіргі кітапхана», «Кадрдегі кітап» буктрейлер атты 3 (үш) номинация бойынша өтеді.

3.3. Байқауға 18-ден 35 жасқа дейінгі кітапханашылардың шығармашылық жұмыстары қабылданады. Әрбір қатысушы Байқауға тек 1 жұмыстан ұсына алады.

3.4. Байқауға қатысу үшін авторға **2012 жылдың 1 маусымына** дейін көрсетілген тақырыптар бойынша бейнеролик дайындау қажет.

3.5. Бейнеролик Movie Maker, Pinnacle, Virtual Dub, Videomatch, Adobe Premiere немесе басқа бейнередакторда дайындалу қажет.

3.6. Бейнеролик wmv, avi, DVD- Video немесе басқа үлгіде (формат) ұсынылуы керек.

3.7. Бейнероликтің ұзақтығы 1,5 минуттан (90 секунд) аспау керек.

3.8. Автор 2012 жылдың 1 маусымына дейін өз бейнеролигін kiwi.kz сайтында жариялау керек.

3.9. Бейнероликтің мазмұны көрсетілген тақырыпқа және өркениетті қоғамдағы этикалық нормаларға сәйкес болуы керек. Ұсынылған еңбектер әзіл, әлеуметтік өткір, көркем, деректі және т.б. сипатта бола алады.

3.10. Берілген тақырыптар бойынша кез келген импровизациялар және интерпретациялар құпталады.

3.11. Техникалық орындау: бейнероликтің сапасы.

3.12. Көркемдік құндылығы: ұстанымды стилі.

3.13. Жұмыстың мазмұндылығы: сюжеттің аяқталуы, титулді кадрдың болуы.

3.14. Суреттеу құралдары: бейнеэсердің, дыбыстық сүйемелдеудің болуы.

3.15. Бейнероликтің саны – 1

3.16. Қатысуға сұраным жасау.

3.17. Сұранымдарды қабылдау – 2012 жылдың 30 қаңтарынан 2012 жылдың 30 сәуіріне дейін. Осы аталған мерзімнен соң түскен Сұранымдар Байқауға жіберілмейді.

3.18. Байқаудың Ұйымдастырушысы ең үздік бейнероликті оқырмандарды кітапханаға тарту үшін қолдану құқығына ие болады (авторлық қаламақы өтемсіз, бірақ бейнероликтің авторының мәліметтеріне міндетті түрде сілтеме жасау қажет).

3.19. Кәнігі мамандардың қатысуымен жасалған бейнероликтер қаралмайды.

#### **4. Байқаудың әділқазы алқасы**

Байқаудың әділқазы алқасы мен ұйымдастырушы комитеті Қарағанды облысы Мәдениет басқармасының бұйрығымен бекітіледі. Байқау сырттай өтеді.

#### **5. Байқаудың нәтижесін шығару**

Қорытындылау, кітапхана және оқу жайлы ең үздік бейнероликтің тұсаукесері және жеңімпаздарды марапаттау.

## **6. Марапаттау**

Байқаудың жеңімпаздарына – бірінші, екінші, үшінші орын иеленгендерге дипломдар мен сыйлықтар тапсырылады.

Байқау туралы сұрақтар бойынша байланысу үшін ақпарат:

Тел. 8(7212)56-77-55 Кітапханаларды дамыту бөлімі

«Кітапхана және оқу жайлы»  
бейнероликтер Байқауының  
Ережесіне Қосымша

«Кітапхана және оқу туралы» бейнероликтер Байқауына қатысуға

**Сұраным**

\_\_\_\_\_ номинациясы бойынша

Жұмыстың атауы: \_\_\_\_\_

Жұмыс авторы (аты-жөні, лауазымы, жасы) \_\_\_\_\_

Мекен-жайы, жұмыс орны, байланыс телефоны, электрондық  
поштасы: \_\_\_\_\_

Қысқа мазмұны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Күні: \_\_\_\_\_